



**"БОЛМАСАҢ ДА
ҰҚСАП БАҚ,
БІР ФАЛЫМДЫ
КӨРСЕҢІЗ..."**

АҚПАРАТ АГЕНТТІКТЕРІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДА ПАЙДА БОЛУЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ



Сейілбек Асанов

*Журналистика факультетінің
1-курс магистранты*

Қазақстан Республикасындағы ақпарат агенттіктерінің қалыптасу жайына тоқталмас бұрын ең алдымен «ақпарат», «агенттік» ұғымдарын жете түсініп алғанымыз жөн. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында «Ақпарат – информация – (лат. Informatio- түсіндіру, баяндау, хабардар ету) деп көрсетіледі де; ақпарат құралдары кең мағынасында: жұртшылыққа хабар тарататын газет, журнал, телевидение және радио, ғылыми хабаршылар, бюллетеньдер, пресс-релиздер, ғылыми жинақтар, т.б.; қалыптасқан мағынасында: мерзімді баспасөз, телевизия мен радио, ақпарат агенттіктері, әр түрлі байланыс жүйелері деп беріледі /1,40/. Ал «Ақпарат агенттігі» ұғымы Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңның (2001 жылғы 3 мамырдағы №181-ІІ өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 8 бабында нақтыланған. Онда былай делінген: «1. Ақпарат агенттігі – Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес тіркелген, қызметі ақпараттық сипаттағы хабарлар мен материалдарды жинауға, қайта өңдеуге және таратуға бағытталған заңды тұлға. 2. Ақпарат агенттігінің

В статье автор рассматривает основные аспекты формирования информационных агентств в Казахстане, анализирует функции, которые выполняют информагентства.

In this article author considered the function of information agencies in Mass media. And deviding them like a govermental and private.

хабарлары мен материалдарында оның атауы мен шығарылған уақыты қоса берілуге тиіс. 3. Ақпарат агенттігінің хабарлары мен материалдарын бұқаралық ақпарат құралдары таратқан кезде ақпарат агенттігіне сілтеме жасауға міндетті» /2, 10/. Сонымен, ақпарат агенттігі дегеніміз – бұқаралық ақпарат құралдарына қызмет көрсетуге маманданған ақпараттық кәсіпорын. Жалпы, әлем тәжірибесінде ақпарат агенттігінде жұмыс істейтін журналиске қойылар талап жоғары. Ақпарат агенттігінің журналисі ақпаратты бірінші, әрі анық, дәл біліп алуы керек. Ол оқиғаны «10-20» жолға сыйдыруға қабілеті жетіп, ештеңені назардан тыс қалдырмауы шарт. Қазақстан территориясындағы алғашқы ақпарат құралдарына келер болсақ, қазақтың тілі мен жазба әдебиетін қалыптастыруда, ұлттық мәдениеті мен экономикасының тарихын жазуда белгілі бір дәрежеде алғашқы газеттер елеулі роль атқарған. «Түркістан уалаяты» (1870-1882) мен «Дала уалаяты» (1888-1902) газеттері қазақ баспасөзі тарихының алғашқы беташарлары деп есептелінді. Дегенмен, 1991 жылы алғаш рет жарыққа «Айқап» журналы шықты. Төрт жыл ішінде оның 88 саны жарық көрген еді. Зерттеушілер Қазақстанның большевиктік баспасөзіне 1905-1907 жылдардағы революцияның көп жаңалықтар енгізгені белгілі. Революция қыза түскен шақта патша үкіметіне, байларға қарсы бағытталған тұңғыш рет қазақ тілінде листовкалар шығарылған. Бірінші үндеу өлеңі 1905 жылы пайда болған. Құпия сақтау мақсатында және телеграфпен беруге қолайлы болу үшін үндеу латын әрпімен жазылған болатын. Ақпарат қоғамның алуан-түрлі саяси, экономикалық және де басқа әлеуметтік институттарына әр кездерде керек болғандықтан, шетелде ақпарат қызметтері алғашқы газеттерге дейін пайда болған. Айтсақ, шетелде ақпарат

жинау қызметін дипломатиялық қызметтер атқарған. Тұтас алғанда, журналистиканы ақпаратпен қамтамасыз етуге маманданған ірі ақпарат қызметтері XIX ғасырдың орта тұсында Еуропа елдерінде пайда бола бастады. Ең алғашқы ақпарат агенттігі «Гавастың» Францияда 1825 жылы құрылғандығы белгілі. Сол кезеңнен бастап көпшілікке арналған күнделікті бұқаралық ақпарат құралдары қалыптаса бастаған. Басылымдардың қажетті ақпаратты, әсіресе шетел жаңалықтарын өз күшімен алу мүмкіндігі шектеулі еді, ал тілшілер құрамын көбейту өте қымбатқа түсетін еді. Телеграф арқылы әр түрлі елдердің абоненттеріне агенттік журналистері даярлаған ақпаратты жолдаудың ыңғайлы екендігі, өзін-өзі ақтайтындығы Ақпарат агенттігіне деген сұранысты арттырды. Солай, шамамен бірауақытта Еуропа елдерінде телеграфтық ақпарат агенттіктері дүниеге келді. Әлемге әйгілі ағылшынның «Рейтер» агенттігі әлі күнге дейін жетекші ақпарат агенттіктерінің құрамында саналады /2,12/. Агенттіктің ең алғашқы ақпаратының пішіні оқиғаны сипаттау үлгісінде болған. Ол телеграф арқылы берілгендіктен, өте қысқа да нұсқа болды. Ақпарат агенттігінің материалдарына тән телеграфтық стиль осыған орай қалыптасты, -дейді мамандар. Ақпаратқа қатысты алғанда жылдамдылық, тиянақтылық, бейтараптылық, толыққанды ақпарат деген ұғымдарға арқа сүйей отырып, ақпарат жолдауға машықтанған. Поль Джулиус Рейтер есімі және оның агенттігі бірте-бірте әлемге әйгілі бола бастаған. Бүгіндері, «Рейтер» компаниясы 18 мың қызметкері бар ірі мекеме. Ғалымдардың айтуынша, Қазақстанда алғаш ақпарат агенттіктерінің құрылуына себепкер болған Ресей телеграф агенттігі (РТА) екендігін алға тартады.

1. Қазақстанның Ұлттық энциклопедиясы.

2. Жанат Сейтжанова, ҚР ақпарат агенттіктерінің қалыптасуы және дамуы. ҚР А, 2003

